

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Атырау облысы Исатай ауданы Забурын ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 12 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 тамызда № 4446 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Зинеден ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 16 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Зинеден ауылдық округі әкімінің 25.06.2020 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Исатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 10 маусымдағы № 10-10-70 ұсынысы негізінде Забурын ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Толқынды және Шамшырақ көшелерінде мүйізді ірі қара малының арасынан бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Атырау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Исатай аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне ( келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*А. Ғұбаш*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК